

Қостанай облысының Лисаков қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 735 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 наурыздағы № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2026 № 180 қаулысымен.

Қостанай облысының Лисаков қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының Лисаков қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар мен Қостанай облысының әкімдігі Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 тамыздағы
№ 735 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысының Лисаков қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары

Лисаков қаласы 1971 жылы Лисаков тау-кен байыту комбинатының базасында құрылған, Тобыл өзенінің жоғарғы сағасында, ірі теміржол торабы – Тобыл станциясынан оңтүстікке қарай 18 километр, облыс орталығы Қостанай

қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 120 километр және Ресей Федерациясы шекарасынан 70 километр жерде орналасқан. Қаланың әкімшілік-аумақтық ауданы – 0,1 мың шаршы километр. Лисаков қаласының әкімшілік аумағына Лисаков қаласы, Октябрь кенті жатады.

Қаладан төрт километр жерде "Қостанай-Қарабұтақ" автомобиль жолы орналасқан, ол арқылы Орталық және Оңтүстік Қазақстанмен, Ресей Федерациясымен көлік байланысы жүзеге асырылады.

Ресеймен, Орталық Азия өңірлерімен және Қытаймен теміржол байланысы Оңтүстік-Сібір магистралі бойынша Майлин және Тобыл станциялары арқылы жүзеге асырылады.

Лисаков қаласының (бұдан әрі – қала) еңбек, табиғи ресурстық, өндірістік әлеуеті жоғары.

Қаланың жер қойнауында темір рудалары, боксит, сирек металдар, құрылыс материалдары, жерасты суларының қорлары бар.

Қала әкімшілігінің экономикасында жетекші рөл өнеркәсіп секторына тиесілі, мұнда облыстың барлық өнеркәсіптік өндірісінің 3,3 %-ы шоғырланған, бұл – облыс өңірлері арасында бесінші орын.

Өнеркәсіп секторы тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібімен, жылу энергиясын, электр энергиясын және суды өндірумен және таратумен ұсынылған.

Тау-кен өнеркәсібі қала әкімшілігі экономикасының жалпы жағдайын айқындайды (74,2 %) және өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы елеулі үлесті қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптің негізін мынадай тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындары: "Қазақстан алюминийі" акционерлік қоғамының филиалы "Краснооктябрь боксит кеніш басқармасы", және "Өркен" ЖШС Лисаков филиалы құрайды, олар қала экономикасының негізгі дамуын қамтамасыз етеді.

Өңдеу өнеркәсібі соңғы 2019 – 2022 жылдары оң серпін байқалатын мынадай аса маңызды өнім түрлерімен ұсынылған: оның ішінде қоюландырылған сүт ("Деп" ЖШС ЛФ), сыра ("Алтын Өмір" ЖШС), полиэтилен пленкасы ("Спутник-1" ЖШС), металл құрылымдары ("ЭксклюзивСтрой" ЖШС) өндірісі.

Машина жасау секторында – дестелегіштер шығару және тасымалдау, арба өндірісі ("Дон Мар" ЖШС).

Индустрияландыру картасы аясында іске қосылған кәсіпорындардың өнімдері сұранысқа ие (гофрлеуге арналған қағаз өндірісі – "ЛисБум.kz" ЖШС, жұмыртқа науаларын өндіру – "Картонно-Бумажный комбинат–2015" ЖШС).

Қала әкімшілігінің өнеркәсіптік әлеуетінің жалпы көлеміндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2022 жылы 20,6 %-ды құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 85,3 миллиард теңгені құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 3,7 %-ға жоғары (2021 жылы – 82,2 миллиард теңге), негізгі капиталға салынған инвестициялар 28,2 миллиард теңгені құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 15,1 %-ға жоғары (2021 жылы 23,2 миллиард теңге).

2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9 %-ды, жастар жұмыссыздығы деңгейі 3,2 %-ды құрады. Жұмыс күші 19,7 мың адамды, оның ішінде: жұмыспен қамтылған халық 95,1 % немесе 18,8 мың адам, жұмыссыз халық 4,9 %-ды немесе 966 адамды құрайды.

Денсаулық сақтау саласында 2022 жылы жалпы өлім-жітім 349 адамды құрады (1000 адамға шаққанда 10,6 жағдай), балалар өлімі 3 адамды құрады (1000 адамға шаққанда 9,1 жағдай), ана өлім-жітімі жоқ.

2022 жылы 7-ші шағын аудан 10-үй мекенжайы бойынша жалға берілетін 105 пәтерлі 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Пәтерлер халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына бөлінді, оның ішінде көпбалалы отбасыларға – 26 пәтер, 1 және 2 топтағы мүгедектерге – 7 пәтер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға – 1 пәтер, толық емес отбасыларға – 43 пәтер, жасына байланысты зейнеткерлерге – 5 пәтер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға – 20 пәтер. Қалған 3 пәтер кезектілік тәртібімен бөлінеді.

Бұл ретте таяу кезеңде шешілуі қажет проблемалар бар:

1. Қазіргі уақытта қаланың 15-ші шағын ауданында инженерлік желілер мен газ құбырын жүргізу бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, бірақ нақты жоспарлау жобасының болмауына байланысты екі жоба бойынша да теріс мемлекеттік сараптама алынды. Бұл проблема жер учаскелерін беру кезектілігіне де әсер етеді, қазіргі таңда ол қала бойынша 156 адамды құрайды.

Заңнамада тиісті жобалау құжаттарынсыз жер учаскелерін беруге тыйым салынуы да маңызды болып табылады. Бүгінгі күні 1993 жылы әзірленген Октябрь кентінің бас жоспары өзектілігін жоғалтты.

2. Соңғы 7 жылда халықтың біртіндеп кету үрдісі байқалады. 2016 жылдан бастап қала халқы 4360 адамға азайып, 2023 жылғы 1 қаңтарға 34774 адамды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден төмен (2022 жылғы 1 қаңтарда – 39134 адам). Негізінен жастардың кетуі байқалады, себебі еңбекке қабілетті жастағы жастар облыс орталықтарына, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Ресей Федерациясының мегаполистеріне кетуге ұмтылады. Жаңа өндірістердің ашылуы жаңа жұмыс орындарын құруға және сол арқылы жастардан тұратын жұмыс күшін сақтауға мүмкіндік береді.

3. Жас шектеулеріне байланысты зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдарды, практикалық жұмыс тәжірибесінің болмауына байланысты оқу орындарының

түлектерін, білім беру біліктілігінің төмендігіне байланысты жұмыссыз азаматтарды өз бетінше жұмысқа орналастыру проблемасы бар.

Жастар практикасын ұйымдастыру, жалақыны ішінара субсидиялау, алғашқы жұмыс орнын, "Күміс жас" шеңберінде жұмыс орнын, жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыс орындарын, "Ұрпақтар келісімшарты" шеңберінде жұмыс орнын ұйымдастыру жұмыстары жоспарланған. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 400 АЕК-ке дейін мемлекеттік гранттар беру жоспарлануда.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары оқу орындарының түлектерін, NEET санатындағы жастарды, жұмыссыз азаматтарды, оның ішінде зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарды жұмысқа орналастыруға, жыл сайын кемінде 1064 адамды жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен халықты қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Өскелең ұрпақтың шығармашылық дамуы, атап айтқанда Оқушылар сарайының құрылысы да маңызды мәселе болып табылады. Қалада көркемсурет мектебінің, музыкалық мектептің жеке ғимараты жоқ екенін атап өту қажет (музыкалық мектеп № 1 орта мектептің 3-қабатын, көркемсурет мектебі мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттың 4-қабатының бір бөлігін алып жатыр). 3 бағыт бойынша 40 үйірмеде 2000-ға жуық бала (экологиялық-биологиялық, адамгершілік-эстетикалық, спорттық-техникалық) оқитын "Балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы" МКҚК-нің де жеке үй-жайы жоқ, ол "Қалалық мәдениет және спорт орталығы" Мәдениет үйі ғимаратында орналасқан.

Қала орталығында "Арай-Холдинг" ЖШС-на тиесілі құрылысы аяқталмаған ғимарат бар. Осы жер учаскесін ондағы құрылысы аяқталмаған ғимаратты кейіннен реконструкциялай отырып, коммуналдық меншікке иеліктен шығару қаланың сәулеттік келбетін одан әрі жақсартады, оқу процесінің талаптарына жауап беретін жаңа заманауи Оқушылар сарайын ашуға мүмкіндік береді және қосымша білім беру қызметін алатын балаларға жақсы жағдай жасайды.

5. Қалалық аурухана үшін кадрлық қамтамасыз ету өткір мәселе болып отыр. Дәрігерлермен жасақталу 90 %-ды (2021 жылы – 86 %), орта медицина персоналымен жасақталу 84,1 %-ды (2021 жылы – 92 %) құрайды. Ауруханада 390 адам, оның ішінде 66 дәрігер (2021 жылы – 67 дәрігер) және орта медициналық білімі бар 159 қызметкер жұмыс істейді. Қалалық аурухана тарапынан медициналық жоғары оқу орындарының түлектерімен қалаға медициналық кадрларды тарту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Білікті мамандарды тарту бойынша кешенді шаралар жалға берілетін тұрғын үй беруді қамтиды. Осыған байланысты қазіргі уақытта "Қостанай облысы, Лисаков қаласы, Больничный кешені шағын ауданы, 4А ғимарат мекенжайы бойынша

ғимараттың бір бөлігін жалға берілетін тұрғын үй-жайларға реконструкциялау" жобасы іске асырылуда. 12 пәтер реконструкцияланады, бұл жаңадан келген медицина қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Қала дамыған спорттық инфрақұрылымымен ерекшеленетініне қарамастан, халықтың дене шынықтыру мен спортқа деген қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін әмбебап спорт залдарының тапшылығы бар. Қалада бокс, күрестің барлық түрлері (қазақ күресі, дзюдо, самбо, еркін күрес), футбол, волейбол, баскетбол сияқты спорт түрлерін дамыту әлеуеті жоғары, сондай-ақ қала тұрғындары үшін заманауи фитнес залына қажеттілік бар.

7. Қалада инженерлік желілерді реконструкциялау және салу бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде. Соңғы үш жылда жалпы сомасы 3,5 миллиард теңгеге инженерлік желілерге жөндеу жүргізілді, бұл шамамен 25 километр желі. Перспективаға арналған жобалау-сметалық құжаттама жоспарлы түрде әзірленуде. Алайда, қаланың инженерлік желілерінің тозу пайызы жоғары. Бүгінгі күні су құбыры желілерінің тозуы 37 %-ды, жылу желілерінің тозуы 41 %-ды, кәріз желілерінің тозуы 49,5 %-ды, электр желілерінің тозуы 45,9 %-ды құрайды. Қаланың тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымының жай-күйі туралы мәселе тұрақты бақылауда. Осы бағыттағы жұмыс қала тұрғындарын коммуналдық көрсететін қызметтердің барлық түрлерімен үздіксіз қамтамасыз етеді.

8. Қала мен Октябрь кентіндегі жолдардың жалпы ұзындығы 96 километрді құрайды. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 71,7 %-ды, қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 8,1 %-ды құрайды. Соңғы үш жылда жалпы сомасы 776,3 миллион теңгеге 9 шақырымға жуық жол жөнделді. Бүгінгі күні жолдың әлі де болса 20,2 % үлесі қанағаттанарлықсыз жағдайда.

9. Соңғы үш жылда қалада 2 көп қабатты үй салынды, тағы 105 пәтерлік бір тоғыз қабатты үйдің құрылысы жүріп жатыр, алайда тұрғын үй кезегін қысқарту мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұрғын үй алу кезектілігі 606 адамды құрайды, оның ішінде: бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер – 145, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – 136, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары – 294, оның ішінде 31 көпбалалы отбасылар.

10. Бүгінгі күні қалада кезекші бөлімге шығарылатын 113 бейнебақылау камерасы бар. Камералардың қолда бар саны қала аумағын бейнебақылаумен толық қамтуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, Кешенді жоспар соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған паналайтын жерлерді

ұйымдастыруды қамтиды. Қолданыстағы паналайтын жерлер қанағаттанарлықсыз жағдайда. Келесі бес жылдық кезеңде оларды сәйкестікке келтіру қажет.

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда ең бастысы өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін адамдарды уақтылы хабардар ету болып табылады. Қалада құлақтандыру жүйесін басқарудың қалалық пультін енгізу адамдарды қауіп туралы алдын ала ескертуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қала әкімінің қалалық қосалқы басқару пунктін (радиацияға қарсы жасырын паналар базасында) құру қажеттілігі туындайды, ол басқаруды күшейтілген жұмыс режимдерінде ұйымдастыру кезінде жедел топтарды орналастыруға, ал соғыс уақытында басқарудың тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

11. Қала үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның көптеген қалалары үшін де кең таралған проблема рұқсат етілмеген кездейсоқ үйінділер болып табылады. Егер қоқыс уақтылы жиналмаса, онда бұл үйінділердің көлемі жеделдетілген қарқынмен өседі. Қалдықтардың мұндай жиналуы қоршаған ортаның экологиялық жағдайына, адамдардың денсаулығына әсер етеді, аллергиялық сипаттағы қауіпті ауруларды тудырады, жұқпалы және тіпті онкологиялық аурулардың таралуына әкеледі. Бұл мәселе қала басшылығының ерекше бақылауында, жалпы қалалық сенбіліктер, әртүрлі экологиялық жобалар өткізіледі.

Қаланың және Октябрь кентінің аумағында көгалдандыру және ағаш отырғызу назардан тыс қалмайды. Қаланы көгалдандыру – оның сыртқы келбеті мен экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған өте маңызды мәселе. Ағаш өсімдіктері, бұталар мен шөптер атмосфералық ауаны химиялық ластанудан тазартуға, шуыл деңгейін азайтуға, желден қорғауға және шанды басуға пайдалы әсер етеді. Жыл сайын шамамен 1000 дана көшет отырғызылады.

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	-----------------	----------------------	---------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер: Өңірде Кешенді жоспарды іске асырудың аса маңызды нәтижесі халықтың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін серпінді дамушы, теңгерімді және бәсекеге қабілетті экономика құру болып табылады. Қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу және осының негізінде халықтың тұрмыс деңгейін арттыру, өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетін дамыту.						
1.	Қалалық ортаны жоспарлау шеңберінде Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралар қаланың 156 жер учаскесін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге, сондай-ақ қалада да, Октябрьский кентінде де жер беру кезегін қысқартуға мүмкіндік береді.					

2.	Жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2027 жылдың соңына қарай кемінде 126 миллиард теңгені құрайды. 5 жыл ішінде негізгі капиталға салынған инвестициялар сомасы 40 миллиард теңгеден асады. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу , оның ішінде жаңа өндірістер ашу және қаланың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының қуатын ұлғайту нәтижесінде мүмкін болады.
3.	Кемінде 3350 тұрақты жұмыс орны, оның ішінде 2135 тұрақты жұмыс орны құрылады, жұмыссыздық деңгейі 4,8 %-ға дейін төмендейді. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің үлесі 87 %-дан 95 %-ға дейін ұлғаяды.
4.	Балаларды қосымша біліммен қамтуды 2028 жылға қарай 65 %-дан 80 %-ға дейін ұлғайту.
5.	Халықтың медициналық қызмет көрсету сапасына қанағаттануы 2028 жылға қарай 57 %-дан 70 %-ға дейін ұлғаяды. Туу деңгейі 1000 адам халыққа шаққанда 10,9-дан 11,2 жағдайға дейін артады. Өлім-жітім 1000 адам халыққа шаққанда 13,2-ден 10,5 жағдайға дейін төмендейді.
6.	Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын қала тұрғындарының үлесін 40,8 %-дан 50 %-ға дейін ұлғайту.
7.	Су құбыры желілерінің тозуын 37 %-дан 34 %-ға дейін, кәріз желілерінің тозуын – 49,5 %-дан 46,5 %-ға дейін, жылу желілерінің тозуын – 41 %-дан 38 %-ға дейін, электр желілерінің тозуын – 45,9 %-дан 42,9 %-ға дейін қысқарту.
8.	Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 79,8 %-дан 85 %-ға дейін ұлғайту.
9.	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезектілігі 2027 жылдың соңына қарай 606-дан 500 адамға дейін қысқарады.
10.	Қала аумағын бейнебақылау камераларымен 100 % қамту. Дабылды-сөйлеу құрылғыларын енгізу төтенше жағдайлар кезінде қала тұрғындарын құлақтандыру бойынша жеделдікті арттырады және уақытты қысқартады. Паналайтын жерлерді тиісті жағдайға келтіру төтенше және соғыс уақыты кезеңінде мыңнан астам адамды паналатуға және орналастыруға мүмкіндік береді.
11.	Қала аумағында көгалдандыру және көшет отырғызу ауадағы газдардың зиянды концентрациясын едәуір азайтады. 2028 жылға қарай 5000 көшет отырғызылады.

1. Қалалық органы жоспарлау

1.1. Қалалық органы жоспарлау

1.	15 және 23-ші шағын аудандарды егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17,5	ЖБ
2.	Октябрь кентін дамыту және онда құрылыс салу схемасын әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	10,6	ЖБ
3.	ШОБ субъектілеріне бизнес ашу және оны кеңейту үшін жер учаскелерін беру	электрондық сауда-саттық шарты	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	0,7	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		0,7	
			2025 жылғы IV тоқсан		0,8	

			2026 жылғы IV тоқсан		0,8	
			2027 жылғы IV тоқсан		0,8	
2. Экономиканың нақты секторы						
2.1. Өнеркәсіп және инвестициялар						
4.	Қуаты 34 мың тонна кремний карбидін өндіру зауытын салу (240 жұмыс орнын құрумен)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	26 357	БК
5.	Қалада спирт, ликер-арақ өнімдерін өндіру және спирттен кейінгі төпті қайта өңдеу кешенін іске қосу (60 жұмыс орнын құрумен)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	1 003	БК
6.	"Алақай" спорттық ойын-сауық саябағын салу (21 жұмыс орнын құрумен)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	107,5	БК
			2024 жылғы IV тоқсан		72,5	
7.	7-ші шағын ауданда супермаркет салу (20 жұмыс орнын құрумен)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	250	БК
3. Халықты жұмыспен қамту						
3.1. Халықты жұмыспен қамту, экономикалық белсенділікті ынталандыру, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу						
8.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес жастар практикасын ұйымдастыру (жыл сайын кемінде 10 адам)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	24,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		26	
			2025 жылғы IV тоқсан		26,9	
			2026 жылғы IV тоқсан		27,8	
			2027 жылғы IV тоқсан		28,8	

9	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес жалақыны ішінара субсидиялау (кемінде 15 адам)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	6,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		6,6	
			2025 жылғы IV тоқсан		6,9	
			2026 жылғы IV тоқсан		7,1	
			2027 жылғы IV тоқсан		7,4	
10	Жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 400 АЕК-ке дейін мемлекеттік гранттар беру (6 гранттан кем емес)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	8,3	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		8,7	
			2025 жылғы IV тоқсан		9	
			2026 жылғы IV тоқсан		9,3	
			2027 жылғы IV тоқсан		9,6	
11.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес алғашқы жұмыс орнын ұйымдастыру (жыл сайын кемінде 13 адам)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		18,2	
			2025 жылғы IV тоқсан		19,0	
			2026 жылғы IV тоқсан		19,7	
			2027 жылғы IV тоқсан		20,3	
			2023 жылғы IV тоқсан		7,5	

12.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес "Күміс жас" жобасы шеңберінде жұмыс орнын ұйымдастыру (кемінде 6 адам)	Еңбекмині не ақпарат	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	7,8	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		8,1	
			2026 жылғы IV тоқсан		8,4	
			2027 жылғы IV тоқсан		8,7	
13.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыс орындарын ұйымдастыру (50 адамнан кем емес)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	146,3	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		129,5	
			2025 жылғы IV тоқсан		119,2	
			2026 жылғы IV тоқсан		123,3	
			2027 жылғы IV тоқсан		127,6	
14.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес "Ұрпақтар келісімшарты" шеңберінде жұмыс орнын ұйымдастыру (кемінде 2 адам)	Еңбекмині не ақпарат	2023 жылғы 4 тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	1,2	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		1,3	
			2025 жылғы IV тоқсан		1,3	
			2026 жылғы IV тоқсан		1,4	
			2027 жылғы IV тоқсан		1,4	
4. Өмір сүруге жайлы және қауіпсіз өңір						
4.1. Білім беру саласы						
15.	"Мұрагер" балабақшасының	объектіні пайдалану	2025 жылғы		163,1	ЖБ

	ш а т ы р ы н реконструкциялау	ғ а қабылдау актісі	IV тоқсан	Қостанай облысыны ң әкімдігі		
16.	"И в у ш к а" балабақшасының ш а т ы р ы н реконструкциялау	объектіні пайдалану ғ а қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысыны ң әкімдігі	163,1	ЖБ
17.	Оқушылар сарайының құрылысы (500 орын)	объектіні пайдалану ғ а қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысыны ң әкімдігі	44,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		15,0	
			2025 жылғы IV тоқсан		450	
			2026 жылғы IV тоқсан		500	
4.2. Денсаулық сақтау саласы						
18.	Білікті медицина кадрларын тарту жөнінде қосымша кешенді шаралар қабылдау: 1) тартылған әрбір дәрігерге 1,5 миллион теңгеден 3,5 миллион теңгеге дейін көтерме қаражат (біржолғы ақшалай төлемдер) беру; 2) тартылған мамандар үшін жалға берілетін тұрғын үй бөлу	ДСМ-ге ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысыны ң әкімдігі	20	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		20	
			2025 жылғы IV тоқсан		20	
			2026 жылғы IV тоқсан		20	
			2027 жылғы IV тоқсан		20	
19.	Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық ауруханасы" КМК материалдық-техника лық базасын нығайту (медициналық жабдықтар, тренажерлер және тағы басқалары)	қабылдау- беру актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысыны ң әкімдігі	145,1	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		137	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		161,9	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		146,7	ЖБ
			2027 жылғы IV тоқсан		153,6	ЖБ

4.3. Мәдениет және бұқаралық спортты дамыту саласы

20.	"Лисаков қаласы әкімдігінің қалалық мәдениет және спорт орталығы" МКҚК-ні күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	405,6	ЖБ
21.	Мәңгілік Ел көшесі мекенжайы бойынша орналасқан дене шынықтыру-сауықтыру кешенін абаттандыру және инженерлік желілерді салу (14717 гектарды абаттандыру – көгалдандыру және қиықтас төсеу, кәріз желілері – 80 метр, су құбыры желілері – 80 метр, электр желілері – 230 метр, газ – 820 метр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	6	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		86	
22.	Мәңгілік ел көшесі мекенжайы бойынша орналасқан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы (ауданы 4500 шаршы метр, өткізу қабілеті – күніне 1552 адам)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	11,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		847,8	ЖБ
23.	6-ші шағын ауданда спорт ядросын (жүгіру жолы, футбол, баскетбол және волейбол алаңдары, трибуналар) қою	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	10,8	ЖБ
24.	Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша іс-шаралар өткізу, бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамыту (әртүрлі спорт түрлері бойынша турнирлер және өзге де спорттық-бұқаралық іс-шаралар)	МСМ-ге ақпарат	2023-2027 жылдар, жыл сайын	Қостанай облысының әкімдігі	талап етілмейді	
	Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік		2023 жылғы IV тоқсан		12,8	
			2024 жылғы		13,4	

25.	тапсырысты іске асыру, оның ішінде: ж а с т а р шығармашылығы бастамаларын қолдау; Лисаков қаласы жастары арасында діни сауаттылықты арттыруға және этносаралық әрі конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған жобаларды ұйымдастыру және өткізу; қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, ел тарихын, қазақ қайраткерлерін және мерейтойлық даталарды нығайту және дамыту; неке-отбасылық қатынастарда оң құндылықтық бағыттарды дамыту және жастар арасында жауапкершілік сезімін арттыру	АҚДМ-ге ақпарат	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	ЖБ	
			2025 жылғы IV тоқсан			13,8
			2026 жылғы IV тоқсан			14,4
			2027 жылғы IV тоқсан			15

4.4. Жылумен жабдықтау

26.	Жылу орталығынан ЖТ 21-ге дейін (А нүктесінен (темір жол ауданы ЖТ-19-ға дейін) жылу желісін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	579,6	РБ
			2025 жылғы IV тоқсан		64,4	ЖБ
					432,8	РБ
					48,1	ЖБ
27.	Өз мұқтаждарын жабу үшін газ тұтынатын энергетикалық қондырғы салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ЭМ	765	РБ
			85		ЖБ	
28	ЖК-9-дан (ЖК-нан зауыты ауданы) ЖК-9-ға (мектеп-интернат) дейін жылу желілерін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	212	ЖБ
					31,8	ЖБ
29.	ЕЖСМ-100 № 2 су жылыту қазандығын күрделі жөндеуден өткізу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	827	ЖБ

30.	"Лисаковқалакоммунэн ерго" ӨШБ МКК № 3 ЕЖСМ-100 су жылыту қазандығын реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	5,7	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		746,9	РБ
31.	ҚТ-21-ден ҚТ-28-ге дейінгі магистральдық жылу желісін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	7,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		1091,8	РБ
32.	ҚТ-28-ден ҚТ-35-ке дейінгі магистральдық жылу желісін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	8,5	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		950	РБ

4.5. Сумен жабдықтау және су бұру

33.	2-ші көтерме сорғы станциясынан Лисаков қаласына дейін (Мәңгілік Ел – Горняков көшесі бойында СК - 11л-ден А нүктесіне дейін) су құбыры желісін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	220	РБ
					40,6	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		145,2	РБ
34.	Тобыл көшесінің (КҚ 98-ден КҚ 116 дейін) тұрмыстық кәрізін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	127,2	РБ
					14,1	ЖБ
	Октябрь кентінің		2023 жылғы		102,3	РБ

35.	шаруашылық ауыз су құбырының құрылысы	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	11,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		102,3	РБ
					11,4	ЖБ
36.	1-ші көтерме сорғы станциясынан 2-ші көтерме сорғы станциясына дейін су құбыры желісін реконструкциялау (2-ші желі)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	621,3	РБ
					69	ЖБ
					414,2	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		46	ЖБ
37.	Шаруашылық ауыз су құбырын реконструкциялау (1-нүктеден 51-нүктеге дейін)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	5,8	ЖБ
					341,1	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		38	ЖБ
38.	КО-2 сарқынды су құбырын (тазарғылған ағын коллекторы) реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	8,5	ЖБ
					673,2	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		74,8	ЖБ
39	Сарқынды суды биологиялық тазарту станциясының реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ, ТКШ Қазорталығы (келісу бойынша)	24	ЖБ
					630	РБ
			2025 жылғы IV тоқсан		70	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		720	РБ
			80	ЖБ		
4.6. Жолдар және абаттандыру						
			2023 жылғы IV тоқсан		20	

40.	Октябрь кентінің жолдарын ағымдағы жөндеу (жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын кемінде 0,75 километр асфальт жабынын төсеу жоспарлануда)	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан 2025 жылғы IV тоқсан 2026 жылғы IV тоқсан 2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	20 25 15 15	ЖБ
41.	Лисаков қаласының жолдарын орташа жөндеу (жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын орташа жөндеу, кемінде 1 километр асфальт жабынын төсеу жоспарлануда)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан 2024 жылғы IV тоқсан 2025 жылғы IV тоқсан 2026 жылғы IV тоқсан 2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	50 50 50 50 50	ЖБ
4.7. Тұрғын үй құрылысы						
42.	Больничный кешені шағын ауданы, 4А ғимарат мекенжайы бойынша ғимараттың бір бөлігін жалға берілетін тұрғын үй-жайларға реконструкциялау (ғимараттың қабаттылығы – 4 қабат ; құрылыс салу ауданы – 285,7 шаршы метр; тұрғын ғимараттың жалпы ауданы – 982,11 шаршы метр; пәтерлердің жалпы ауданы – 685 шаршы метр; ғимараттың құрылыс көлемі – 3802 текше метр; пәтерлер саны – 12; оның ішінде 1 бөлмелі	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі		ЖБ

	пәтерлер – 8, 3 бөлмелі пәтерлер – 4)				82,5	
43.	1-шағын аудан, 10-ғимарат мекенжайы бойынша әкімшілік ғимараттың бір бөлігін тұрғын үй-жайларға реконструкциялау (2 қабат, жалпы ауданы – 994,1 шаршы метр, пәтерлер саны – 20)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	131,2	ЖБ
44.	19-шағын ауданда инженерлік желілерді жүргізу (80 жер учаскесін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	103,6	РБ
					11,5	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		60,4	ЖБ
45.	19-шағын ауданда газ құбырын жүргізу (80 жер учаскесін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	69,0	РБ
					7,7	ЖБ
46.	15-шағын ауданда инженерлік желілерді жүргізу (кәріз желілерінің ұзындығы 3500 метр, су құбыры желілерінің ұзындығы 3500 метр, электр желілерінің ұзындығы 3500 метр 74 жер учаскесін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	208,8	ЖБ
47.	15-шағын ауданда ұзындығы 3500 метр газ құбырын жүргізу (жылыту, ыстық сумен қамтамасыз ету және тамақ дайындау үшін ортақысымды жеткізуші газ	объектіні пайдалану	2024 жылғы		59,7	ЖБ

	құбырын және төмен қысымды тарату желілерін салу көзделуде, 74 жер учаскесі)	Ғ а қабылдау актісі	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі		
4.8. Электрмен жабдықтау						
48.	ҚС-11-ден ТП-36-ға дейін 10 кВ әуе желісін реконструкциялау (ҚС 11-дегі № 11.0,6, 11.14 ұяшықтан ТҚС-36-ға дейін; ҚС-11-ден ТП-36-ға дейін)	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	174,3	РБ
					19,4	ЖБ
49.	Октябрь кентінде (өзін көтеруші окшауланған сымға ауыстырумен) ӘЖ-0,4 кВ әуе желілерін реконструкциялау	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	230,2	РБ
					25,6	ЖБ
50.	БПП-дан ӘЖ-6 кВ Ф 15 реконструкциялау ("Промплощадка" фидер 35 БПП-дан Октябрь кентінің ТҚС -5-ке дейін)	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	73,6	ЖБ
51.	ТП 36-дан ТҚС-17, ТҚС-18-ге дейін 10 кВ 2 кәбілдік желісін реконструкциялау	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	6,0	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		82,6	
52.	ҚС-19 19-09-ұяшықтан бастап ТҚС-Н-1П Т1-ұяшыққа дейінгі 6 кВ әуе желісін реконструкциялау	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	2,0	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		97,6	
53.	ҚС4 409-ұяшық, 421-ұяшықтан ТҚС-"ГОВД" 4-ұяшыққа дейін 1-шағын ауданның 10 кВ кәбілдік желілерін реконструкциялау	объектіні пайдалану Ғ а қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	4,5	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		135	РБ
54.	Маймен жұмыс істейтін трансформаторларды құрғақ трансформаторларға	объектіні пайдалану Ғ а	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының	6,7	ЖБ

	ауыстыру бойынша қаланың ТҚС реконструкциялау	қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	н әкімдігі, ҰЭМ	160,0	РБ
55.	10 (6) кВ жабық тарату құрылғысын ҚС-11, ҚС-4, ҚС-20, ҚС-19-ға реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	28,7	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		170	РБ
4.9. Қауіпсіздік және құқық тәртібі						
56.	Бейнебақылау камераларымен камту аумағын кеңейту (көп пәтерлі үйлердің аулаларына жедел басқару орталықтарымен және полицияның кезекші бөлімдерімен интеграцияланған бейнебақылау камераларын орнату, жыл сайын 20 камера орнату)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	4,5	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		4,5	
			2025 жылғы IV тоқсан		4,5	
			2026 жылғы IV тоқсан		4,5	
			2027 жылғы IV тоқсан		4,5	
57.	Соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған ұйымдардың паналайтын жерлерді құруын ұйымдастыру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, азаматтық қорғаныс жөніндегі санатқа жатқызылған ұйымдар	110	БК
58.	Қала әкімінің қалалық қосалқы басқару пунктін құру (радиацияға қарсы жасырын пана базасында)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	30	ЖБ
59.	Қалалық құлақтандыру жүйесін басқару пультын енгізу	қабылдау-беру актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	6,65	ЖБ
60.	Дабылды-сөйлеу құрылғыларын енгізу	қабылдау-беру актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17,7	ЖБ
			2025 жылғы		23,6	

			IV тоқсан			
4.10. Экология						
61.	Лисаков қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру (көпжылдық және біржылдық өсімдіктерді отырғызу, гүлзарларды күтіп ұстау, бұталарды (бұталы қоршауды) қырку	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	3,7	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		3,8	
			2025 жылғы IV тоқсан		4	
			2026 жылғы IV тоқсан		4	
			2027 жылғы IV тоқсан		4,5	
62.	Лисаков қаласы мен Октябрь кентінде ағаштар отырғызу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	0,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		1	
			2025 жылғы IV тоқсан		1	
			2026 жылғы IV тоқсан		1	
			2027 жылғы IV тоқсан		1	

Ескертпелер:

*Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша тиісті жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың көлемі бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде өзгертін болады, сондай-ақ бюджет көрсеткіштері қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкес жоғары тұрған бюджеттерден трансферттердің бөлінуіне қарай түзетілетін болады.

Қолдау көрсетілген жобалар бойынша қаржыландыру көлемі

Қаржыландыру көзі	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	Жиыны
РБ	1243,3	4516,8	3224,7	720	0	9704,8
ЖБ	1526	3 979,1	1306,2	533,4	468,2	7812,8
БК	1360,5	72,5	26467	0	0	27900

Жиыны	4139,8	8578,4	31007,8	1263,4	478,2	45467,6
-------	--------	--------	---------	--------	-------	---------

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

АҚ – акционерлік қоғам

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

БК – басқа көздер

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЕЖСМ – ең жоғарғы жылыту су жылыту мазуттық қазандығы

ЖБ – жергілікті бюджет

ЖК – жылыту камерасы

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

КҚ – кәріз құдығы

ЖТ – жылу торабы

ҚС – қосалқы станциясы

МҚКМ – мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ӨШБ МКК – өндірістік-шаруашылық бірлестіктің мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

РБ – республикалық бюджет

ТП – тарату пункті

ТҚС – тұйық қосалқы станциясы

ТКШ Қазорталығы – "Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығы" акционерлік қоғамы

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ШОБ – шағын және орта бизнес

СК – ішкі сумен жабдықтау және кәріз желілері

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.